



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№51

(1893) Жұма, 19-желтоқсан 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

Құрметті отандастар!

Тәуелсіздік күні құтты болсын!

Бұл мерекенің еліміз үшін мән-маңызы айрықша. Осы күні халқымыз Қазақстанды егемен ел ретінде дамыту жолында ерікті әрі түпкілікті таңдау жасады.

Тәуелсіздік бөрінен қымбат! Біз бабалар рухына тағзым етіп, өскелең ұрпақ алдындағы тарихи жауапкершілікті сезіне отырып, осы ұстанымға адал боламыз.

Азаматтарымыздың ырысты ынтымағының, өзара қолдауының және жасампаз еңбегінің, сондай-ақ қоғамдағы тұрақтылық пен келісімнің арқасында Қазақстан Тәуелсіздікті нығайту ісінде елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Қазір бүкіл әлем жылдам өзгеріп жатыр. Түрлі сынақтармен қатар, тың мүмкіндіктерге толы жаңа тарихи дәуір басталды.

Мұндай жағдайда біз жас және озық ойлы ұлт ретінде болашаққа зор үмітпен және нық сеніммен қарап, берекелі бірлігімізді сақтауымыз керек. Еліміздің жаһандық деңгейдегі беделі мен бәсекеге қабілетін арттырып, Қазақстанды көркейген мемлекет ретінде дамыту үшін аянбай еңбек етуіміз қажет.

Қазір жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалардың нәтижесінде зор табысқа жетеміз деп сенемін. Жан-жақты жаңғыруға бағытталған стратегиялық бағдарымыздан ауытқымай, Әділетті, Күшті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құрамыз.

Баршаңызға мол бақыт, бақ-береке және толағай табыс тілеймін!

Қастерлі Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауы



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

ЖАРЫҚ ПЕН ЖЫЛУ БЕРУ – ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЗОР ЖҰМЫС

Ақордада өткен салтанатты жиында Қасым-Жомарт Тоқаев биыл Жұмысшы мамандықтары жылы аясында еңбек адамдарына ерекше құрмет көрсетіліп жатқанын атап өтіп, энергетика саласы мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтады.

– Энергетика саласы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар сала. Тұрақты қуат көзі болмаса, қуатты мемлекет құру мүмкін емес. Энергетика саласында қызмет ету – еліміздің дамуына үлес қосу деген сөз. Себебі сіздер атқарып жатқан жұмыстың игілігін еліміздегі әр отбасы, әр адам көреді. Әрбір үйге жарық пен жылу беру – жауапкершілігі зор жұмыс. Қажырлы еңбектеріңіз үшін баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздің өсіп-өркендеп келе жатқанына назар аударды.

– Біз экономиканы және инфрақұрылымды дамытуға баса мән беріп отырмыз. Заманауи өндіріс орындарын ашып жатырмыз. Еліміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Қазақстан болашақта толыққанды цифрлық ел болуға тиіс. Осы мақсатқа жету үшін ауқымды жұмыс қолға алынды. Астанада Халықаралық жасанды интеллект орталығы құрылды. Жақында белгілі америкалық компанияның технологиясы бойынша жасалған суперкомпьютер іске қосылды. Жаһандық үрдістерге сай жаңа «дата-орталықтар» салынады, «бұлтты» инфрақұрылым қалыптасады. Әрине, мұның барлығы энергетика саласы үшін үлкен сынақ болмақ. Сондықтан осындай маңызды міндеттерді жүзеге асыру үшін энергетика саласын түбегейлі жаңғыртуымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір осы бағытта атқарылып жатқан нақты жұмыстарға тоқталды.

– Соңғы алты жылда электр энергиясын өндіру 16 миллиард киловатт-сағатқа артты. Бұл Қарағанды облысы сияқты өндірісі өркендеген аймақтың бір жылдағы қуат тұтыну көлемімен бірдей. Қазіргі кезде Қазақстанның электр энергетикасы жүйесіне жалпы қуаты 25 гигаватттан асатын 237 электр станциясы кіреді.



Ал іс жүзінде қолданыстағы жалпы қуат көлемі – 21 гигаватт. Мемлекет жүргізіп отырған жүйелі шаралардың арқасында энергия нысандары мен инженерлік-коммуналдық желілердің орнықтылығы айтарлықтай күшейді. Өткен жылғы жылыту маусымында технологиялық ақаулар 27 пайызға қысқарды. Тоғыз жылу электр орталығы тәуекелдің «қызыл» аймағынан шықты, ал үш станция «жасыл» аймаққа өтті, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл орайда Қасым-Жомарт Тоқаев инфрақұрылымды қалыпты деңгейде ұстап тұру үшін «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы іске қосылғанын еске салды.

– Соның нәтижесінде үш жыл ішінде тек кәсіпорындардың күрделі жөндеу жұмыстарына 900 миллиард теңгеден астам жеке инвестиция тартылды. Бұл жұмыстың қарқынын бәсеңдетпеу керек. Алдымызда сенімді әрі заманауи энергетика инфрақұрылымын қалыптастырып, экономиканың дамуына тиісті жағдай

жасау міндеті тұр. Осы орайда Үкімет «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» жөніндегі ұлттық жобаны іске асыра бастады. Оның аясында 2030 жылға дейін кемінде 200 нысанға реконструкция жасалады, 86 мың шақырым желі жаңарады. Үкіметке еліміздің энергетикалық әлеуетін ұдайы арттыру міндеті жүктелді. Бұл – Қазақстанның экономикалық дамуын одан әрі табысты жүзеге асыру үшін аса маңызды. Еліміз экспорттық әлеуеті зор энергетикалық державаға айналуы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент салада таяу жылдары атқарылатын нақты жұмыс бағыттарын атап өтті.

– Қазақстанның энергетикалық әлеуетін нығайту – басымдыққа ие міндет. Биыл батыс аймақтардың электр желісін күшейтетін бірегей жоба аяқталады. Бұл жоба Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарының энергетикалық тораптарын біріктіреді. Енді осы торап-

тарды бірыңғай ұлттық энергетика жүйесіне жалғау қажет. Елімізде басқа да ірі жобалар қолға алынып жатыр. Атап айтқанда, Екібастұздағы екінші ГРЭС-те жаңа энергоблоктар салынады. Сондай-ақ үшінші ГРЭС-тің құрылысы басталмақ. Бұл нысандар еліміздегі энергетика жетіспеушілігін жоюға тиіс. 2026 жылы Алматыдағы электр станцияларын жаңғырту – Үкімет пен әкімдік алдында тұрған маңызды мақсат. Сол арқылы ауаның ласлану деңгейін төмендетіп, қаланың экологиялық ахуалын жақсарту қажет. Бұған қоса, келесі жылы Қызылорда және Түркістан облыстарында бу-газ қондырғысы бар электр станцияларын толық іске қосу керек. Біз 2035 жылға дейін 26 гигаватттан астам қуат көзін өндіретін нысандарды іске қосуды жоспарлап отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, Қазақстанның табиғи ресурстарын және өндірістік әлеуетін ескерсек, біз электр қуатын басқа елдерден сатып алмауымыз керек.

Жалғасы 2-бетте. ►

ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

ЖАРЫҚ ПЕН ЖЫЛУ БЕРУ – ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЗОР ЖҰМЫС

Басы 1-бетте.

– Түптеп келгенде, бұл – ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Бұдан бөлек, еліміздің зор энергетикалық мүмкіндігін тиімді қолдану қажет. Мысалы, Қазақстан – көмірге бай ел. Жыл сайын 110 миллион тоннадан астам көмір өндіріледі. Осы стратегиялық артықшылықты дұрыс пайдаланған жөн. Біз заманауи үлгідегі «таза көмір» технологиясына тезірек көшуіміз керек. Сол арқылы көмір станцияларының тиімділігін арттыра түсеміз. Бұдан бөлек, Курчатова қаласында жылу электр станциясын, Көкшетау, Семей, Өскемен қалаларында жылу электр орталықтарын салу қажет. Осы нысандардың барлығына «таза көмір» технологиясын енгізу керек. Шындығын айтсақ, бұл жобалардың жүзеге асуы әбден созылып кетті. Енді ары қарай күтуге болмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Мемлекет жаңартылатын энергия көздерін дамытуға да тиісті көңіл бөлініп жатқанын жеткізді.

– Еліміздегі көмір қоры – шамамен 33 миллиард тонна. Соған қарамастан, біз жаңартылатын қуат көздерін дамытуға баса назар аударып отырмыз. Соңғы 5 жылда осы салаға 2,5 миллиард долларға жуық инвестиция салынды. Соның нәтижесінде энергетика секторындағы жаңартылатын қуат көздерінің үлесі 7 пайыздан асты. Экологиялық тұрғыдан таза энергия өндірісін одан әрі дамыту үшін әлемдік ең үздік компаниялармен әріптестік орнаттық, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазір бүкіл әлем түбегейлі бетбұрыс кезеңін бастан өткеріп жатқанын алға тартып, атом станциясының құрылысын бастау туралы стратегиялық шешімнің маңызына назар аударды. Президенттің пайымдауынша, бұл болашақта еліміздің энергетикалық келбетін түбегейлі өзгертіп, экономикамызды қайта құруға ықпал етеді.

– Балқаш атом электр станциясының құрылысы, одан кейінгі салынатын екінші АЭС Қазақстанның энергетикалық әлеуетін арттыратыны сөзсіз. Сондай-ақ ядролық энергетика сияқты маңызды салада жаңа бағыттардың дамуына септігін тигізетін болады. Қазақстанның энергетикалық картасында атом станциясының пайда болуы ел экономикасының жаңа әрі сапалы деңгейге көшкенін білдіреді. Жалпы, дүние жүзінде болып жатқан ауқымды өзгерістердің энергетика саласына ықпал ететіні сөзсіз. Әлемде қуат көздеріне қызу тартыс жүріп жатыр десек, артық болмайды. Бұған сақадай сай дайын болғанымыз жөн. Мемлекет энергетика мамандарының жаңа буынын даярлап, осы саланың әлеуетін арттыра береді. Бірақ азаматтарымыз да бұл мәселеге жауапкершілікпен қарауы керек. Электр қуаты, жылу және су – тұрмысқа аса қажетті игіліктер. Соның бәрін үнемдеп, ақылмен пайдаланған абзал. Жалпы, бұл – тұтас экономикаға ортақ талап. Ысырапшылдыққа жол беруге болмайды. Халқымыз «Үнемшілдік – ырыстың кілті» деп бекер айтпаған. Біз осы қасиетті ұлттық дағдымыз етіп, қоғамда мүлдем жаңа мәдениет қалыптастыруымыз керек. Сіздердің қажырлы қызметтеріңіз – еліміздің энергетикалық дербестігінің мызғымас кепілі. Әділетті, Таза, Қуатты Қазақстанда өздеріңіз сияқты еңбек адамдары ең жоғары сый-құрметке лайық, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің энергетика саласын дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін бір топ азаматты мемлекеттік наградамен марапаттады.

www.akorda.kz

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ӘРБІР БЕСІНШІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БИЗНЕС САЛАСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Президенттің шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру – Үкіметтің басым бағыттарының бірі. Қабылданған шаралардың арқасында соңғы жылдары елімізде ШОБ субъектілерінің ел экономикасына қосқан үлесі тұрақты түрде артып келеді. Primeminister.kz редакциясы еліміздің 2025 жылғы дамуы туралы жарияланымдар топтамасын жалғастыруда.

Мемлекет басшысы өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында шағын және орта кәсіпкерлікті экономикалық өсудің қозғаушы күші болуы тиіс екенін айқындап берді. Ұлттық статистика бюросының деректері бүгінде әрбір бесінші қазақстандық бизнес саласында жұмыс істейтінін, шағын және орта кәсіпкерліктің экономикадағы жалпы қосылған құнының үлесі қазірдің өзінде 40%-ға (39,8%) жақындағанын растайды.

2025 жылғы II тоқсанның қорытындысы бойынша ЖІӨ-дегі орта бизнестің жалпы қосылған құнының үлесі 7,9%-ды құрады, бұл өткен жылғы деңгейден жоғары. Бұл – орта бизнес секторының нығайып, құндылық құруға қосқан үлесін арттыру деген сөз.

2022-2024 жылдар аралығында бойы орта бизнестің ЖҚЖ 6,7%-6,9% деңгейінде тұрақты болып қалады, ал кәсіпорындар саны 3 мыңнан астам деңгейде сақталады, бұл орта буының жетілгендігі мен тұрақтылығын көрсетеді.

Бүгінгі таңда барлық кәсіпкерлік субъектісінің 99,9%-ы – микро және шағын компаниялар. Олар экономиканың «тірі тінін» қалыптастырады және 4,4 млн-нан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді, бұл бір жыл бұрынғы деңгейден 3,9%-ға артық. Яғни, бір жыл ішінде секторда ондаған мың жаңа жұмыс орны пайда болды деген сөз. ШОБ еліміздегі барлық экономикалық белсенді

халықтың жартысына жуығын құрайды – 45,5%, бұл саланың азаматтардың әл-ауқатын жақсарту және еңбек нарығының тұрақтылығын сақтаудағы маңыздылығын көрсетеді.

Үкімет Президент тапсырмасына сәйкес, кәсіпкерлікті қолдау шараларын дейекті түрде кеңейтуде. Кәсіпкерлерге өндірісті дамытуға, технологияларды жетілдіруге, экспортты кеңейтуге және қаржыландыру көздерін тартуға мүмкіндік беретін 117 құралдан тұратын тізілім құрылды. Baqylauda.qoldau.kz қызметі қолдау шараларына қол жеткізудің әмбебап нүктесіне айналды, оны қазірдің өзінде 222 мыңға жуық адам пайдаланған, бұл – аталған құралдардың қажеттілігі мен қолжетімділігінің дәлелі.

Елімізде 2024 жылдан бері бизнес жасауға тең жағдай туғызу, компанияларды ірілендіруге ынталандыру және орта бизнестің рөлін күшейту бағытында кешенді саясат жүзеге асырылуда. Мақсат – кәсіпкерлер үшін болжамды және әділ орта құру.

Бұған қосымша бизнеске қойылатын барлық талаптарды цифрландырып, бір ретке келтірген Міндетті талаптар тізілімі пайда болды. Бұл ашықтықты қамтамасыз етіп, кәсіпкерлерге міндетті нормаларды орындауды жеңілдетіп отыр. Нәтижесінде Қазақстанда ШОБ-ты қолдау бизнес-қоғамдастығы үшін жүйелі әрі түсінікті бола түсті.

Соның ішінде:

► біліктілік талаптары қайта қаралуда және рұқсат беру процедуралары оңтайландырылуда, бұл бизнесті бастау мен



МЕРЕКЕ АЯСЫНДА

ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР АШЫЛДЫ

Тәуелсіздік күніне орай Жемісуга денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында жалпы саны 5 жаңа нысан ашылды.

Атап айтқанда, Қаратал ауданының Ортатөбе және Қанабек ауылдарында фельдшерлік-акушерлік пункт, Тастөбе ауылында мәдениет үйі, Қаражиде ауылында спорт кешені ашылды. Мұндай нысандар аталған елді мекендерде бұған дейін болмаған. Сондықтан жаңа ғимараттардың ашылуы тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған игі қадамдардың бірі деуге болады. Бұл қуанышты жаңалыққа орай ауыл тұрғындары пікір білдірді.

– Ауылымызда фельдшерлік-акушерлік пункттің ашылғанына өте қуаныштымын. Бұрын толыққанды ем алу үшін көрші ауылға баруға мәжбүр болатынбыз. Өйткені бізде ескі ғимаратта отырған медициналық пункт қана болды. Енді қажетті сапалы медициналық көмекті өз ауылымыздан ала аламыз. Бұл – біз үшін үлкен жеңілдік, жақсы жаңалық, – деді Қанабек ауылының тұрғыны Дилнар Бүйрекбай.

Ал спорт кешенінің жастар үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын қаражиделіктер қуана жеткізді.



– Бүгін жаңа спорт кешені ашылып отыр. Бұрын ауылымызда мұндай нысан болмаған. Енді балаларымыз бен немерелеріміз осы спорт кешенінде спорт түрлерінен жаттығып, денсаулықтарын шыңдауға мүмкіндік алды. Осындай игі істі жүзеге асырған барша азаматтарға алғыс айтамын, – дейді Қаражиде ауылының тұрғыны Ақпар Әбіров.



Қуанышты жаңалық Көксу ауданына да жетіп, мұнда Бозтоған ауылында 150 орындық мәдениет үйі ашылды. Нысанның құрылысы өткен жылдың көктемінде басталған болатын. Бұған дейін 1100-ден астам тұрғыны бар бұл елді мекенде мұндай мәдени ошақ болмаған, ал балаларға арналған барлық үйірме сабақтары жергілікті мектеп ғимаратында өткізіліп келген.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменовтің айтуынша, жаңа мәдениет үйі ауыл жастары үшін маңызды даму орталығына айналады:

– Мұндай нысандар – жай ғана ғимарат емес, таланттарды дамытуға, дәстүрді сақтауға, рухани құндылықтарды нығайтуға арналған кеңістік. Бозтоған ауылындағы мәдениет үйі жастар үшін рухани даму орталығына айналатынына сенімдімін. Мұнда үйірмелер, шығармашылық студиялар жұмыс істеп, концерттер, кездесулер мен мерекелік шаралар өтетін болады. Ауыл үшін бұл – мәдени өмірдің жаңа парағы, – деді ол. Жергілікті тұрғын Дариға Жаманбаланова да қуанышын бөлісті:

– Біз бұл күнді ұзақ күттік. Құрылысқа күш-жіеері мен қаражатын салған барша азаматтарға алғысымыз шексіз. Енді балаларымыз үйдің қасында музыкамен, бимен айналысып, өнерін шыңдайтын болады. Бұл – жастарымыздың болашағына жасалған маңызды инвестиция, – деді ол шынайы ризашылығын білдіріп.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі
Фото: Дмитрий ЕРОФЕЕВ

жүргізуге кедергілерді азайтады;

► ірі кәсіпорындар ШОБ-пен ұзақ мерзімді шарттар жасасуға міндеттелді, бұл шағын және орта бизнес үшін кепілді өткізу нарықтарын ашады және өсуге жаңа мүмкіндіктер туғызады;

► жаңа Салық кодексінде арнайы салық режимдерінің саны 7-ден 3-ке дейін қысқарды. Бұл тәсіл ұсақталу схемаларын шектейді және компанияларды дамуға және кең ауқымда қанат жая түсуге ынталандырады.

Орта бизнесті күшейту және ірілендіру мақсатында Ұлттық экономика министрлігі ЕҚДБ-мен бірлесіп кәсіпорындарды дамытудың нақты жоспарын әзірлеуде, ол өндіріс көлемін 2-3 есеге арттыруға бағытталған. Бұл кең ауқымда қанат жаю процесін сапалы жаңа деңгейге көтеруге және экономикадағы жоғары өнім шығаратын компаниялардың үлесін арттыра түсуге бағытталған қадам жатқанын білдіреді.

Осылайша, орта бизнес біртіндеп өңірлердің ғана емес тұтастай еліміздің де тұрақты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті экономикалық өсімнің негізгі драйверлерінің біріне айналады.

Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде Үкімет ЕҚДБ-мен бірлесіп компаниялардың терең диагностикасын жүргізуде, олардың инвестициялық әлеуетін бағалай отырып, жеке-жеке өсу жоспарларын әзірлеуде. Қазірдің өзінде 20 кәсіпорынмен жұмыс басталды, ал 2030 жылға дейін бағдарламаға қатысушылардың саны кемінде 70-ке жетпек, бұл – өсуге дайын компаниялардың мықты тобын қалыптастырмақ.

Елде бизнесті реттеу қайта іске қосылуда.

«Таза парақтан» реттеу қағидаты бойынша талаптар қайта қаралады, ескірген нормалар алынып тасталады және мемлекеттік бақылау жүйесі жаңартылады. Нәтижесінде Қазақстанда бизнесті жүргізу үшін жағдайлар айтарлықтай жеңілдетіледі.

Осы жылы «Өрлеу» жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламасы іске қосылды. 482 млрд теңге сомасына 1 700-ден астам жоба қаржыландырылды, бұл осы құралдың жоғары сұранысы мен тиімділігін көрсетеді. «Даму» Қорының базасында кәсіпкерлердің қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейтетін екі кепілдік қоры құрылды:

► Кепілдік қоры – 1 кепілдіктерді портфельдік әдіспен береді, несиелеу қаржыландыру сомасы 7 млрд теңгеге дейінгі жобалар бойынша екінші деңгейлі банктер арқылы жүргізіледі. Қазіргі уақытта Қор 417,7 млрд теңгеге 2 384 жобаны қолдап, 229,9 млрд теңгеге кепілдік берді;

► Кепілдік қоры – 2 ірі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларға бағытталған. КҚ-2 бойынша құны 7,1 млрд теңге болатын алғашқы ірі жобаны жүзеге асырып, 2,8 млрд теңгеге кепілдік берді. Тағы бір жоба қол қою кезеңінде дайын тұр.

Болашақта салалық және өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, неғұрлым атаулы және нақты бағытты қолдауға көшу жоспарлануда, бұл бизнестің өртүрлі сегменттерінің әлеуетін тиімді ашуға мүмкіндік береді.

Осылайша, кәсіпкерлікті қолдау үздіксіз дамып және идеяның пайда болуынан кеңейтуге дейінгі барлық кезеңдерді қамтиды. «Өрлеу» бағдарламасы және басқа да шаралар өндіріс көлемінің өсуі үшін берік негіз қалыптастырады. Өз кезегінде бизнестің белсенділігі Қазақстанның кәсіпкерлік ортасы анағұрлым жетілген, тұрақты және серпінді болып келе жатқанын көрсетеді.

www.primeminister.kz

ПОСЛАНИЕ – В РЕАЛИЗАЦИИ ПОДДЕРЖКА ОТЕЧЕСТВЕННОГО ПРОИЗВОДИТЕЛЯ — СТРАТЕГИЧЕСКАЯ ЗАДАЧА

Послание Президента Касым-Жомарта Токаева «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию» стало важным ориентиром для всего делового сообщества региона. В документе четко обозначены задачи, которые напрямую касаются развития национального производства, усиления экономического суверенитета и создания справедливых условий для бизнеса.

Эти установки имеют особое значение для области Жетісу, где активно развиваются перерабатывающая промышленность, производство строительных материалов, сельхозпереработка и продовольственный сектор. Сегодня в регионе работают предприятия, выпускающие конкурентоспособную продукцию, и наша задача — помочь им укрепить позиции на внутреннем рынке и выйти на экспорт.

В частности, достаточно эффективной площадкой для сотрудничества бизнеса с государством стали Отраслевые советы при региональной Палате предпринимателей. 9 отраслевых советов по приоритетным направлениям деятельности бизнеса охватывают около 5 тысяч субъектов предпринимательства, занятых в данных отраслях. В ходе их работы удалось положительно решить ряд ключевых проблемных вопросов, что позволило создать определенные льготные и благоприятные условия для развития местного бизнеса. К примеру, снижен размер ставки СНР для субъектов бизнеса, осуществляющих деятельность на основе упрощенной декларации в рамках нового налогового кодекса.

В Послании Глава государства особо отметил необходимость формирования инвестиционного мандата и предоставления равных возможностей для крупного, среднего и малого бизнеса. Такое внимание к предпринимателям становится мощным сигналом: отечественное производство должно стать центральным элементом новой экономической модели.

Так, на сегодняшний день инвестиционный портфель области до 2034 года включает 145 проектов на общую сумму 2,9 трлн тенге с созданием более 13,6 тыс. рабочих мест. Из этого пула Палатой предпринимателей Жетісу, согласно Регламенту по сопровождению инвестиционных проектов, в Интерактивной инвестиционной карте НПП РК «Атамекен» отобрано и внесено 109 проектов на сумму 2,8 трлн тенге. В настоящее время общее количество внесенных в ИИК проектов составляет 157 на сумму 3,4 трлн тенге. Из них в 2024 году введены 12 проектов на сумму 29 млрд тенге. Активно ведется работа по сопровождению инвесторов.

Одним из важнейших акцентов стало развитие культуры потребления казахстанских товаров. Призыв Президента проявлять экономический патриотизм — это не просто слова, а необходимое условие устойчивого роста. Покупая продукцию местных производителей, мы поддерживаем рабочие места и развитие региона.

В частности, в рамках поддержки производителей продукции из местных и локальных ресурсов ежегодно реализуется проект «Одно село — один продукт» (ОСОП). В текущем году в выставке приняли участие 32 предпринимателя. Рабочей группой были определены 10 лучших проектов. Полуфиналисты презентовали свою продукцию перед Брэнд-комитетом. В результате было отобрано 3 победителя-финалиста. Большой интерес к данному проекту вызывается за счет возможности доступа к безвозмездным грантам. Это ограничение, предполагающее участие в грантах только для финалистов проекта, создает барьеры для бизнеса. В связи с этим Палата предпринимателей обратилась с просьбой пересмотреть правила предоставления финансовых и нефинансовых мер государственной поддержки.

Президент подчеркнул: в ближайшие годы Казахстану необходимо перейти от сырьевой модели к эффективной индустриализации и выпуску высокотехнологичной продукции. Для этого государство существенно усиливает меры поддержки отечественных производителей, включая льготные кредиты, субсидирование, инновационные инструменты развития и налоговые стимулы.

В данном направлении одним из примеров можно привести Программу «Ауыл аманаты». В рамках этой программы Палатой проведена колоссальная работа по предоставлению консультационных услуг, оказано полное сопровождение предпринимателей при подготовке, сборе пакета документов согласно перечня с осуществлением выезда и осмотра представляемого залогового имущества, а также места реализации бизнеса до момента вынесения проекта на кредитную комиссию, что в свою очередь способствовало полному и своевременному освоению выделенных средств по Программе за 2023 и 2024 годы.

Консультированием и обучением тысяч женщин-предпринимателей, сопровождением их действующего бизнеса также занимается Центр развития женского предпринимательства — уникальная структура, ставшая местом силы, знаний и вдохновения для женщин региона.

И это еще не вся работа, проводимая Палатой предпринимателей области Жетісу.

В целом, поддержка отечественного производителя — это не только экономическая необходимость, но и вопрос национальной безопасности, устойчивого будущего и уверенного движения Казахстана к технологическому развитию.

Даурен ОНАЛБАЕВ,
директор Палаты предпринимателей области Жетісу



ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО В ЖЕТИСУ СНИЖЕНА СТАВКА СНР

В области Жетісу принято решение относительно размера ставки специального налогового режима для субъектов бизнеса, осуществляющих деятельность на основе упрощенной декларации.

Напомним, Главой государства подписан новый Налоговый кодекс РК, который вводится в действие с 1 января 2026 года, и сопутствующий Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам налогообложения».

В соответствии со статьей 726 нового Налогового кодекса местные представительные органы наделены правом понижать или повышать установленную ставку налога не более чем на 50 процентов в зависимости от вида деятельности и места осуществления предпринимательской деятельности.

Палатой предпринимателей области Жетісу была проведена комплексная работа с предпринимателями региона. В каждом районе и городе области прошли встречи и совещания с участием представителей бизнеса, в ходе которых была выработана единая позиция о необходимости снижения налоговой ставки. На основании этих обсуждений в адрес местных исполнительных органов, районных и городских акиматов, а также депутатов маслихатов всех уровней были направлены официальные обращения. Дополнительно проведен ряд рабочих совещаний с участием депутатов, где бизнес-сообщество напрямую озвучило



свои предложения и аргументы.

По итогам совместной работы удалось достичь снижения ставки специального налогового режима. В результате в городах Талдыкорган и Текели, а также в Кербулакском районе установлены 2 процента, во всех остальных районах области Жетісу — 3 процента. Принятое решение позволит снизить финансовую нагрузку на предпринимателей, что создаст более благоприятные условия для ведения бизнеса.

Директор региональной Палаты предпринимателей «Атамекен» Даурен Оналбаев отметил, что уменьшение налоговой нагрузки позволит предпринимателям не только увеличить прибыль, но и инвестировать в свое развитие, и это в конечном итоге положительно скажется на экономике региона.

МАЛЫЙ И СРЕДНИЙ БИЗНЕС В ТАЛДЫКОРГАНЕ ПЕРВЫМИ НАЧАЛИ ВЫПУСКАТЬ БАЛҚЫМЫЗ

Житель Жетісу Мадияр Туебаев многие годы жил на западе Казахстана — в Актау, Атырау, Кульсары — и именно там впервые познакомился с популярным напитком балқымыз. Необычный кисло-молочный вкус ему настолько понравился, что он решил узнать, где же производится этот продукт. Выяснилось, что практически весь балқымыз, продаваемый в Казахстане, завозится из Башкирии (Россия).

— Мне стало интересно, почему у нас нет собственного производства. Я начал экспериментировать дома и понял, что могу приготовить напиток сам. Тогда появилась мысль — открыть производство здесь, на Родине, — рассказывает Мадияр Жуматович.

Так предприниматель решил вернуться домой, в Талдыкорган. В мае он открыл цех по производству напитка. Сегодня на предприятии работает пять человек, а дневной объем выпуска достигает 600 литров. В перспективе — расширение до полноценного завода мощностью до 3 тонн продукции в сутки.

Производство полностью осуществляется на собственные средства. Цех оснащен современным оборудованием: ВДП-молочный — ванна длительной пастеризации для тепловой обработки сырья; диспергатор — обеспечивает однородность смеси; большой чан для смешивания готового напитка; линия розлива.

Что такое балқымыз? Молодой человек подчеркивает: вопреки распространенному заблуждению, балқымыз — это не 100% кобылье молоко. Напиток изготавливается по классической башкирской технологии: основа — коровье молоко, закваска — на кобыльем молоке и натуральном меде, болгарская палочка и другие лактобактерии, в качестве природного консерванта — небольшое количество сахара. Таким образом, продукт получается чем-то средним между кефиром и кумысом — с легкой кислинкой и узнаваемой ноткой кобыльего молока. Сырье используется местное: текелийское молоко, саркан-



ский мед, коксуский сахар.

Полный цикл приготовления занимает три дня — от пастеризации до розлива.

Почему это важно для рынка? По мнению Мадияра Туебаева, сегодня большая часть башкирского кумыса продолжает завозиться в Казахстан из России. Местные небольшие производители пока не смогли достичь характерного вкуса, который имеет традиционный башкирский напиток.

— Я уверенно заявляю, что нам удалось впервые в Казахстане полностью повторить оригинальный вкус башкирского кумыса. Мы получили технические условия, протоколы испытаний, сертификаты ЕАС — продукт официально подтвержден и безопасен, — говорит Туебаев.

Сейчас продукция реализуется в небольших магазинах Талдыкоргана, но предприниматель планирует расширить географию поставок.

Он отмечает, что запуск собственного производства — это



шаг к снижению зависимости от зарубежного импорта, поддержке местных молочных ферм и созданию рабочих мест:

— Наша задача — стать конкурентами, заменить импорт, снизить цены и показать миру наш казахский кумыс, созданный на основе башкирской традиции. Мы хотим увеличить объемы, привлечь больше сотрудников и выйти на экспорт.

Интересно, что сам термин «балқымыз» — это, по сути, маркетинговое название. В Башкирии напиток известен просто как «кумыс с медом». Но в Казахстане слово быстро стало популярным благодаря приставке «бал» — как в традиционных названиях балкаймак, балдай и других.

Напомним, большинство напитков балқымыз, продаваемых на казахстанском рынке, — это кумысные продукты из Башкортостана, выпускаемые российскими предприятиями и имеющие лишь казахстанский представитель. Теперь же у казахстанцев появился свой собственный производитель, предлагающий аналог оригинального напитка — с тем же вкусом, но местным сырьем и национальным подходом.

Подготовила Алма УРАЗАЕВА

ЖЕТИСУ ШЫҢЫ – 2025 ЖЫЛДЫҢ ЕҢ ҮЗДІК МЕКЕМЕСІ

Жетісу облысында спорт саласының дамуына сүбелі үлес қосқан үздік спортшыларды, білікті жаттықтырушыларды және спорт ардагерлерін марапаттауға арналған салтанатты рәсім өтті. Жыл сойын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын бұл қорытынды іс-шара өңір спортының жылдық нәтижесін саралап, үздіктерді ойындауды мақсат етеді.

Салтанатты жиынға Әлем және Азия чемпионаттарында ел намысын абыроймен қорғап жүрген спортшылар, олардың жаттықтырушылары, спорт ардагерлері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Іс-шара барысында биылғы жылы жоғары нәтиже көрсеткен спорт саласының өкілдеріне құрмет көрсетіліп, еңбектері ерекше атап өтілді. Жетісу облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының биылғы жылғы рейтингі қорытындысы бойынша Талдықорған қаласы спорттық іс-шараларды ұйымдастыруда бірінші орынға ие болды. Сонымен қатар, «Талдықорған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Жылдың ең үздік мекемесі» атағына лайық деп танылып, жоғары бағаланды. Аталған жетістік қалада спорт саласында жүйелі түрде жүргізіліп келе жатқан мақсатты жұмыстың нәтижесі екені атап өтілді. Аймақта жыл бойы түрлі деңгейдегі спорттық жарыстар мен бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылып, тұрғындардың спортпен тұрақты шұғылдануына қолайлы жағдай жасалуда. Бұл өз кезегінде аталмыш саланың дамуына, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және жастардың спортқа деген қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға оң ықпал етуде.



Назерке ӘДІЛБЕКОВА

БӨРЕКЕЛДІ!



МӘДЕНИЕТ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ АВТОКӨЛІКТЕР БЕРІЛДІ

Тәуелсіздік күні қарсаңында Жетісу облысында жергілікті мәдениет мекемелеріне автокөліктер берілді. Облыс әкімінің атынан техника кілттерін орынбасары Диас Есдәулетов табыстады.

Талдықорғандағы орталық алаңда өткен салтанатты шарада өңір басшысының орынбасары мәдениет қызметкерлерінің Жетісудың өнерін өрістетуге, халықтың рухани дамуына қосып отырған үлесін ерекше атап өтті.

- Мәдениет саласы мамандарының алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасау, мәдениет нысандарын материалдық-техникалық жағынан жүйелі түрде нығайту – біздің басты міндетіміздің бірі. Бүгін саланың техникалық базасын шағын автобустармен және жүк көліктерімен толықтырып отырмыз. Бұл көліктер мәдениет ұжымдарының гастрольдік сапарларға шығуына, қажетті құрал-жабдықтар мен декорацияларды тасымалдауына, түрлі фестиваль, байқауларға қатысуына мүмкіндік туғызып, жұмыс саласына оң әсер етеді деп сенеміз, - деді Д. Есдәулетов мекеме басшыларына автокөлік кілттерін тапсырды. Атап өтсек, осы күні облыстағы 8 аудандық, 2 қалалық мәдениет үйлеріне, С. Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасы, облыстық архив, Көркемсурет галереясы мен Халық шығармашылығы орталығына жалпы саны 13 Газель, 1 жүк көлігі берілді.

Жаңа техникаға ие болған мекеме ұжымдарының атынан Алакөл аудандық Зейнеп Қойшыбаева атындағы мәдениет үйінің директоры Отан Смағұлов сөз сөйлеп, ризашылығын білдірді.

- Бүгін Жетісу өңірінің мәдениет саласы қызметкерлері үшін тарихи күн деуге болады. Сала нысандарына бір күнде осынша көлік беру оқиғасы алғаш рет болып тұр. Бұл – ұлттық құндылықтарды насихаттап жүрген азаматтарға көрсетіліп отырған қамқорлық, бізге шығармашылық серпіліс беретін игілікті іс. Бір ғана біздің Алакөл ауданында 4 жаңа мәдениет нысаны салынып жатыр, соның біреуі жуырда пайдалануға беріледі, 3-еуі келесі жылдың үлесінде. Алдағы уақытта да руханият үшін еселі еңбек ете береміз. Жетісу өңірінің өнері мен мәдениеті жасай берсін, - деді ол.

Атап өтсек, бұл игі шара биыл екінші жыл қатарынан өткізілген «Жер жанаты - Жетісу» облыстық телевизиялық байқауының марапаттау салтанатымен және гала концертімен жалғасты.

Жалпы, Жетісу облысы құрылғаннан бері мәдениет саласының инфрақұрылымы 36,2% жаңартылды. Соңғы үш жылда сала мекемелерінің материалдық базасын нығайтуға бюджеттен 1 млрд. теңгеден астам қаражат бөлініп, музыкалық аспаптар, сахналық киімдер, компьютерлік жабдықтар, басқа да қажеттіліктер сатып алынған. Қазір облыста 300-ден астам мәдениет, архив мекемелері жұмыс істейді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ



Тәуелсіздік күні мерекесі аясында Талдықорған қаласында «DENK» электр жабдықтарын өндіретін жаңа өндіріс іске қосылды. Ашылу салтанатына Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл қатысып, кәсіпорынның өндірістік процесімен танысты. Қала басшысы жаңа нысанның өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға қосар үлесін атап өтіп, еңбек ұжымына сәттілік пен толағай табыс тілегі.

Зауыт өнімдері «KASIP» сауда маркасымен шығарылады, толықтай жеке инвестиция есебінен салынған. Жалпы инвестиция көлемі 1 млрд теңгеден асады. Ернат Бәзіл «Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда ұзақ жылдар бойы импортқа тәуелді болып кел-

ЖАҢА ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

ген салаларда отандық өндірісті дамыту қажеттігін бірнеше рет атап өткен болатын. Бұл жаңа зауыт — осы мемлекеттік саясаттың нақты нәтижесі. «DENK» зауытының іске қосылуы импортты алмастыру саясатын нақты өндіріс арқылы жүзеге асырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізеді деп сенемін. Кәсіпорын ұжымына табысты еңбек, тұрақты даму және жетістіктер тілеймін», - деді. Айта кетейік, мұнда жобалау, конструкторлық құжаттама әзірлеу, бөлшектерді дайындау, жинақтау және сапаны бақылау кезеңдерінің барлығы бір өндірістік алаңда жүзеге асырылады.

Зауыт директоры Давлет Аубекеровтің айтуынша, бүгінде кәсіпорын 100-ден астам өнім түрін шығарады. Алдағы уақытта қосымша өндірістік корпусстар салу, өнім номенклатурасын кеңейту және өткізу нарықтарын ұлғайту жоспарланып отыр. Кәсіпорын «СТ.KZ» және индустриялық сертификаттарға ие отандық тауар өндірушілер қатарына жатады. Қазіргі таңда кәсіпорында 50-ге жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылған. «Бұл жүйе дамыған елдерде әлдеқашан жүзеге асқан. Бірде «неге осыны өзімізге жасамасқа?» деген ой келді. Әрі қарай толықтай жұмыс тәжірибесін зерттей бастадық. Технология қолжетімді, бастысы - тілек пен сенімділік. Осылайша елімізде алғашқы болып іске кірістік. Мақсатымыз ең әуелі ішкі нарықты жетілдіру» - деп атап өтті коммерциялық директоры Елдос Мұсағалиев.

18 ТҰРҒЫН ҮЙ ТАБЫСТАЛДЫ

Тәуелсіздік күні мерекесі аясында «Жастар-3» тұрғын үй алабында орналасқан 18 тұрғын үй жаңа қоныс иелеріне табысталды. Бұл баспаналар тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру аясында берілді.

Атап айтқанда, тұрғын үймен «Отбасы Банкі» АҚ ұсынған тізімге сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтар, сондай-ақ, көмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санаттары қамтылды. Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл «Мемлекет басшысының биылғы жылғы халыққа Жолдауындағы «Мемлекет әр азаматтың лайықты және сапалы өмір сүруіне жағдай жасай береді» ұстанымын назарға ала отырып, әрмен қарай қаламыздың гүлденіп, тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатында жұмыс атқара береміз. Аталған тұрғын үй алабында баспана құрылысы 2024 жылдан бастап жүргізілуде. Қазіргі таңда 310 үйдің құрылысы толық аяқталып, оның ішінде 56 баспана тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға табысталды. Ал бүгін 18 отбасы жаңа баспанаға қоныстанып, қоныс той-



ын тойламақ. Қазірдің өзінде, алапта ауыз су, көріз жүйесі мен түнгі жарықтандыру толық жүргізілген. Сондай-ақ жол сапасын жақсарту мақсатында 3,5 шақырым болатын асфальт төсеу жұмыстары жүргізілді» - деді. Жаңа үйге қоныстанғандардың бірі - Татьяна Ким. «Айналайын» балалар үйінің түлегі ұзақ жылдар бойы ата-аналарынан айырылған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санатында үй алуға кезекте тұрған. «Осы уақытқа дейін жалдамалы пәтерде тұрдық. Бүгін баспаналы болып отырмыз. Жаңа жылды өз шаңырағымызда қарсы алатынымызға қуаныштымын. Осы орайда облыс және қала басшылығына алғысымды білдіремін» - деп мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қамқорлық пен қолдауға ризашылығын жеткізді.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыңсіз Қазақстан үшін!

АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУ

«Заң мен тәртіп» концепциясын жүзеге асыру аясында, мемлекеттік органдардың халықпен кері байланысын нығайту мақсатында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдау өтті.

«City Plus» сауда орталығында ашық форматта ұйымдастырылған шара барысында азаматтар өздерін толғандырған әлеуметтік, тұрғын үй, жұмыспен қамту, инфрақұрылым және өзге де өзекті сұрақтарын тікелей қою мүмкіндігіне ие болды. Шараға қала әкімі Ернат Бәзіл қатысып, тұрғындардың көтерген мәселелеріне жеке тоқталып, салалық мекеме басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Мәселелер сол мезетте кеңінен түсіндіріліп, ал, қосымша зерделеуді қажет ететін сұрақтар бақылауға алынды. Аталмыш қабылдау



халықтың өтініш-тілектерін дер кезінде шешу, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыруға және билік пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға, тұрғындарға құқықтық және консультациялық көмек көрсетуге бағытталды.

Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ

«SMART CITY TALDYKORGAN» ЖОБАСЫНЫҢ МҮМКІНДІГІ АРТАДЫ

5 желтоқсан күні Парижде Қазақстан мен Франция арасындағы экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссияның 16-отырысы өтті. Кездесу барысында Талдықорған қаласының әкімі, ASTEL және Actility компаниялары «Smart City Taldykorgan» жобасын іске асыру меморандумына қол қойды.



Жоба Талдықорғанда заманауи «Ақылды қала» инфрақұрылымын құруға бағытталған. Жобаның мақсаты – экологиялық мониторингті енгізу және тұрғындардың өмір сапасын жақсарту. Қала аумағына орнатылатын датчиктер температура, ылғалдылық, ауа сапасы сияқты көрсеткіштерді нақты уақыт режимінде бақылайды. Деректер орталықтандырылған платформаларда жинақталып, коммуналдық қызметтердің жедел әрекет етуіне мүмкіндік береді. Жоба сондай-ақ қоғамдық көлікті бақылауды және білім беру мекемелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болады. ASTEL компаниясы LoRaWAN технологиясына негізделген бұл жобаны Қазақстан инфрақұрылымын цифрлық трансформациялаудың маңызды кезеңі деп бағалайды. Талдықорғандағы тәжірибе болашақта елдің басқа қалаларына да таралады. Жоба Францияның мемлекеттік FASEP бағдарламасы және Қазақстандағы Франция Елшілігінің қолдауымен жүзеге асырылуда. Айта кетейік, «Smart City Taldykorgan» жүйесін толық іске қосу 2026 жылға жоспарланған.

ҚАЛАЛЫҚ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

Қала әкімдігінің мәжіліс залында қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетовтің төрағалығымен төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі қалалық комиссияның кезекті отырысы өтті.



Жиынға комиссия мүшелері және қаланың бірқатар мекеме басшылары қатысты. Күн тәртібінде төтенше жағдайлардың алдын алу, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көпқабатты үйлердегі авариялық қызметтердің кірме жолдарын қарау және өрт гидранттарының жай-күйін бағалау мәселелері талқыланды. Отырыс барысында «Төтенше жағдайлар басқармасы», «ТҮКШ бөлімі», «Жолашылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі», «Тұрғын үй инспекциясы» басшылары мен ауылдық округ әкімдері баяндама жасады.

Қуаныш Сейтімбетов алдағы 2026 жылғы су тасқынына сапалы дайындықтың маңызын атап өтіп, жауапты қызметтерге төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет етуге қажетті күштер мен құралдарды үнемі дайын күйде ұстауды тапсырды. Сонымен қатар сумен жабдықтау, биік үйлердің өрт қауіпсіздігі және авариялық көліктердің көпқабатты үйлерге кіру жолдары бойынша шешілмеген мәселелер бар екені айтылды. Комиссия отырысының күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып, қорытындысы бойынша жауапты бөлімдер мен басқарма басшыларына төтенше жағдайлар кезінде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы өз міндеттерін толық орындамағаны жөнінде нақты ескерту жасады. Сондай-ақ, анықталған кемшіліктерді қысқа мерзімде жоюды қатаң тапсырды.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ЗАҢСЫЗ САУДА НЫСАНДАРЫНА МОНИТОРИНГ

Облыс орталығы Талдықорғанда стационарлық емес сауда нысандарын ретке келтіру мақсатында қала әкімдігінің бастамасымен арнайы комиссия құрылып, мониторингтік жұмыстар жүргізілді.

Мониторингтің негізгі мақсаты – қаланың сәулеттік келбетін жақсартып, тұрғындар үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру. Тексеру барысында «Самал» шағын ауданындағы бірқатар заңсыз орнатылған дүңгіршектер анықталып, иелеріне ескерту берілді. Мониторинг жұмысына қалалық кәсіпкерлік бөлімі мен санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мамандары қатысты. Мониторингтік топ сауда нысандарының иелерімен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, заң талаптары мен санитарлық нормаларды сақтау қажеттігін ескертті. Қала аумағында 162 сауда нысаны тіркелген. Оның ішінде 111-і рұқсатсыз, яғни заңсыз жұмыс істеп жатқаны анықталды. Аталған нысандардың иелеріне құжаттарын заңдастыру немесе нысанды өз еркімен алу туралы ескертулер берілді. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

БАЙҚАУ



ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫМЫЗ!

«Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ мен Талдықорған индустриялық колледжінің ұйымдастыруымен колледж білім алушылары арасында «Тәуелсіз елдің ұрпағымыз!» атты мәнерлеп оқу байқауы өтті. Тағылымды шараның басты мақсаты – мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруда жастардың белсенділігін арттыру, Тәуелсіздік мерекесінің маңызын жас ұрпақтың санасына сіңіру, оларды ұлтжандылыққа, елін-жерін сүйуге және құрметтей білуге тәрбиелеу, сондай-ақ, патриоттық рухы мен шығармашылық қабілетін дамыту.

Байқаудың салтанатты ашылуында Талдықорған индустриялық колледжінің директоры Әсет Джумадилов сөз сөйлеп, ғасырлар бойы халқымыз аңсаған тәуелсіздік пен егемендік әрбір қазақстандық үшін ең қастерлі құндылық екенін атап өтті. Ол бұл мерекенің ел болашағы саналатын жастарға рух беріп, отансүйгіштік сезімді нығайтатынын ай-

тып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Байқау шарттарына сәйкес әрбір білім алушы өзін таныстырып, Тәуелсіздік тақырыбындағы өлеңдерді мәнерлеп, нақышына келтіре жатқа оқыды. Қатысушылардың сахна мәдениеті, дауыс ырғағы, көркем сөзді жеткізе білу шеберлігі қазылар алқасы тарапынан бағаланды. I орынды Жетісу құрылыс-техникалық колледжінің білім алушысы Ербол Құралай, II орынды Қ.Байсейітов атындағы саз колледжінің білім алушысы Қайырбек Айдана, Талдықорған индустриялық колледжінің білім алушысы Стамбек Нұрдаулет, III орынды Жетісу құрылыс-техникалық колледжінің білім алушысы Жалғасбек Дес, Талдықорған қаласының инновация колледжінің білім алушысы Ауқен Ақерке, Талдықорған сервис және технология колледжінің білім алушысы Сатылхан Ұлпан, Талдықорған индустриялық колледжінің білім алушысы Асқар Құралай, Талдықорған индустриялық колледжінің білім алушысы Алексеев Мадияр, Талдықорған индустриялық колледжінің білім алушысы Социалқан Даниял иеленді. Белсене қатысқан білім алушылар Алғыс хаттармен және марапаттармен ынтыландырылып, мұндай тағылымды іс-шаралардың жастардың рухани дамуына қосар үлесі зор екені атап өтілді.

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА



АРХИВ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ – ТАРИХЫМЫЗДЫҢ ТАМЫРЫ

Архив саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай салтанатты жиын өтті. Шараға сала ардагерлері, архив мекемелерінің қызметкерлері, жеке тектік қор иелері қатысты. Салтанатты жиын барысында архив ісінің ел тарихын сақтаудағы маңызы айтылып, ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз етуге олардың қажырлы еңбегі ерекше атап өтілді. Сондай-ақ, салаға жүзеге асырылып жатқан жобалар, цифрландыру жұмыстары мен алдағы жоспарлар тілге тиек етілді.

Салтанатты шараға Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сұлтанұлы қатысып, мерейлі күнге орай жиналғандарды құттықтады. Архивист мамандардың өскелең ұрпақтың қалыптасуында негізгі рөл атқаратынын, тарихтың, құнды құжаттардың шын жанышылдары екенін атап, абыройлы еңбектеріне табыс тіледі. Облыстың архив қызметі жұмысының негізгі бағыттары архив ісінде және құжат жасауда бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру, архив қорын жинақтау және оның орталықтандырылған есебін ұйымдастыру, деректер базасын құру, архив қоры құжаттарының сақталуы мен кеңінен пайдаланылуын қамтамасыз ету болып табылады. Өңірдің архив қоймаларындағы мемлекеттік сақтауда 2855 қор 722 713 сақтау бірліктері бар. Ұлттық архив қоры жыл сайын облыстың экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын сипаттайтын жаңа құжаттармен толықтырылады. 2025 жылы мемлекеттік сақтауға 53 қор, 10239 сақтау бірлігі қабылданды. Мемлекеттік сақтаудағы құжаттардың хронологиялық шеңбері 1850 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңді қамтиды.

Гүлжиган Истамбекова, «Жетісу облысының

мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас директоры: «Облыстың архив мекемелері архив ісін дамытудың негізгі бағыттарының барлық көрсеткіштерін 100% орындады. Биылғы жылы архив ісін, тарихты одан әрі танымал ету, туған өлкеге деген сүйіспеншілікті ояту, патриотизм тәрбиелеу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жарияланып, 9 құжат көрмесі дайындалды, түрлі семинар, өнірлік оқу, дөңгелек үстел өткізіліп, кездесулер ұйымдастырылды. Жеңістің 80 жылдығына орай облыс әкімдігінің қолдауымен облыстық архив қызметкерлері жинақтаған «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» атты жинақтың тұсаукесері өтті. Архив материалдары алты ай бойы жинақталып, жинаққа Ұлы Отан соғысы майдандарында 120 мыңнан астам жетісулықтың соғысқан туралы архивтік мәліметтер енгізілген. Жинақ 1000 таралыммен шығып, соғыс ардагерлерінің ұрпақтарына, архив мекемелеріне, кітапханаларға таратылды. Сонымен қатар, Көксу, Қаратал, Текелі филиалдарына ғимараттар қарастырылды. Алдағы жылдарда да архив мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде бірқатар іс-шаралар өткізілетін болады. Құжаттарды цифрлық форматқа көшіру үшін арнайы жабдықтар сатып алу жоспарланған»- деп атап өтті. Жиын аясында ұзақ жылдар бойы адал еңбек етіп, архив саласының дамуына үлес қосқан бірқатар мамандарға Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Архив саласының үздігі» төсбелгісі, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасы, Жетісу облысы әкімінің Құрмет грамотасы, Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Құрмет грамотасы, Алғыс хаты, сондай-ақ, «Үздік қойма меңгерушісі», «Үздік архивист» «Үлгілі қызметкер» «Үздік филиал» номинациялары табысталды.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

БРИФИНГ

ӨРТ ҚАУІПТІ МАУСЫМНЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ ШЫҒАРЫЛДЫ

Жетісу облысында 2025 жылғы өрт қауіпті маусымның қорытындысы бойынша орман және табиғи аумақтардағы өрт жағдайына қатысты брифинг өтті. Баспасөз мәслихатында Талдықорған авиациялық бөлімшесінің бастығы Базарбеков Мұрат Қожабекұлы баяндама жасады.

атап айтқанда найзағай соққылары себеп болған.

Авиациялық бөлімшенің басты міндеті – әуеден патрульдеу жүргізу арқылы өрттің алғашқы белгілерін дер кезінде анықтап, тиісті қызметтерге жедел ақпарат беру. Бұл өртті бастапқы сатысында сөндіруге және ықтимал залалды азайтуға мүмкіндік береді.

Әуе патрульдеу барысында бақылаушы-ұшқыштар ормандардың санитарлық жағдайын тексеріп, орман заңнамасының бұзылу фактілерін, соның ішінде заңсыз ағаш кесу, аңшылық және балық аулау

ережелерін бұзу жағдайларын анықтайды.

Талдықорған авиациялық бөлімшесі 290 мың гектар орман қоры жерін қамтиды. Бұл аумаққа Алакөл, Борлытөбе, Қапал, Жаркент, Талдықорған, Үйгентас, Үштөбе мемлекеттік коммуналдық мекемелері, сондай-ақ «Жоңғар-Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі кіреді.

Бөлімше тәулік бойы жедел әрекет етуге мүмкіндік беретін екі жоғары өтімді автокөлікпен жабдықталған. Штатта білікті авиациялық өртке қарсы топтың нұсқаушылары мен өрт сөндіруші-десантшылар қызмет атқарады. Қызметкерлер жыл сайын арнайы даярлықтан өтіп, өрт сөндіру жұмыстарына қатысады және алдын алу шаралары аясында жергілікті тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Мұрат Қожабекұлының айтуынша, 2025 жылғы өрт қауіпті маусым өткен жылмен салыстырғанда күрделірек болған. Соған қарамастан, авиациялық және жерүсті күзет қызметтерінің үйлесімді өзара іс-қимылының нәтижесінде өрттердің басым бөлігі толықтай жойылған.

Алдағы кезеңде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігін арттыру үшін материалдық-техникалық базаны нығайту, халық арасында профилактикалық жұмысты күшейту және авиациялық мониторинг мүмкіндіктерін кеңейту жоспарланып отыр.

ДЕНСАУЛЫҚ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЖИТС-КЕ ҚАРСЫ
КҮРЕС КҮНІ АЯСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕР

Жыл сайын 1 желтоқсанда әлем жұртшылығы Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күнін атап өтеді. Бұл күн АИТВ/ЖИТС мәселесіне қоғам назарын аударып қана қоймай, аурудың алдын алу, АИТВ-мен өмір сүретін адамдарды қолдау және стигма мен кемсітушілікке жол бермеу бағытындағы күш-жігерді біріктіруге арналған.

2025 жылғы Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күнінің ұраны – «АИТВ-ға қарсы қиындықтардан – тиімді өзгерістерге». Аталған ұран АИТВ-ның алдын алу мен емдеу саласында әлі де кездесетін кедергілерді еңсеріп, нақты әрі нәтижелі іс-қимылдарға көшу қажеттігін білдіреді. Медицина саласында жетістіктер болғанымен, халықтың ақпараттану деңгейін арттыру, ерте диагностика және профилактикалық шараларды күшейту өзектілігін жоғалтпай отыр.

АИТВ-ға қарсы профилактикалық іс-шаралардың негізгі бағыты – халықты жүйелі түрде ақпараттандыру және қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру. Әсіресе, жастар арасында ағарту жұмыстарының маңызы зор. АИТВ-ның жұғу жолдары мен қорғану тәсілдері туралы нақты, қолжетімді ақпарат беру жалған түсініктердің, қорқыныш пен стигманың алдын алуға мүмкіндік береді.

Мамандардың айтуынша, АИТВ тек қорғалмаған жыныстық қатынас, қан арқылы және анадан балаға берілуі мүмкін. Бұл туралы ашық әрі түсінікті ақпарат тарату – алдын алудың ең тиімді тетіктерінің бірі.

Еліміздің әр өңірінде, соның ішінде Жетісу облысында білім беру мекемелерінде, ішкі істер органдарында, бизнес құрылымдарда және басқа да ұйымдарда дәрістер мен тренингтер өткізіліп, ақпараттық материалдар таратылады. Сонымен қатар, тегін кеңес беру мен ерікті тестілеу ұйымдастырылады.

Қауіп-қатері жоғары топтар – инъекциялық есірткі қолданушылар, коммерциялық секс қызметкерлері және ер адамдармен жыныстық қатынаста болатын ерлер арасында кешенді профилактикалық

шаралар жүзеге асырылуда. Оларға стерильді инъекциялық құралдар мен презервативтер тарату, АИТВ-ға тегін әрі жасырын тестілеу, алдын ала және кейінгі профилактика, сондай-ақ медициналық және психоәлеуметтік кеңес беру қызметтері көрсетіледі.

Атап өтейік, 2025 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша Жетісу облысында АИТВ-инфекциясының 79 жаңа жағдайы тіркелген. Оның 78-і – Қазақстан Республикасының азаматтары, 1 жағдай – шетел азаматы. 14 жасқа дейінгі балалар арасында Панфилов ауданында 1 жағдай анықталған.

Жыныстық құрылым бойынша жалпы жағдай тұрақты болғанымен, ер адамдар арасындағы аурушандық деңгейі жоғары болып отыр. Сонымен қатар, әйелдер үлесінің біршама артқаны байқалады. Жас құрылымында ең жоғары үлес 30-39 жас аралығына және 40-49 жас аралығына тиесілі.

Оң үрдістердің бірі – 2025 жылдың 11 айында анадан балаға берілу жолының өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге төмендеуі. Бұл профилактикалық және медициналық шаралардың тиімділігін көрсетеді.

2025 жылғы 30 қарашадағы жағдай бойынша Жетісу облысында АИТВ-инфекциясының жинақталған саны 1400 жағдайға жетті. Оның ішінде 1350-і – облыс тұрғындары, 21-і – 14 жасқа дейінгі балалар. Қайтыс болғандар мен есептен шығарылғандарды қоспағанда, есепте тұрған АИТВ-мен өмір сүретін адамдар саны – 887, оның ішінде 19 бала бар.

Мамандардың айтуынша, «АИТВ-ға қарсы қиындықтардан – тиімді өзгерістерге» ұраны қоғамды нақты әрекетке, жеке жауапкершілікке және ынтымақтастыққа үндейді. АИТВ-ның таралуын азайту – тек медицина қызметкерлерінің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Дұрыс ақпарат тарату, алдын алу шараларын күшейту және АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға түсіністікпен қарау арқылы ғана нақты әрі тұрақты нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Арай НҰР



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

«ПАРЫЗ»:

«ҚАЙНАР - АКБ» ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Бүгінгі таңда, әлеуметтік әріптестік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі қалалық үшжақты комиссия отырысында Талдықорған қаласындағы кәсіпорындардағы еңбек қатынастарының жай-күйі бойынша мәселелер қарастырылады. Кәсіпорындардың еңбек ұжымдарында еңбек заңнамасының талаптарын сақтау басты назарда.



2025 жылғы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» республикалық конкурсы өткізілді. Бұл конкурс халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қоғам алдындағы өзінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға және арттыруға бағытталған. Байқау 4 номинация бойынша өткізілді:

1) «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» (бұл номинацияда өз персоналын қолдауға, өңірдің әлеуметтік жобаларын іске асыруға қатысуға, мүмкіндіктері шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеуге және жалпы қоғамның әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды (еңбекке ақы төлеуді және әлеуметтік төлемдерді ұйымдастыру, кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау жүйелері, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың барынша көп санын жұмысқа орналастыруға бағытталды).

2) «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын» (бұл номинацияда еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасауға бағытталды).

3) «Үздік ұжымдық шарт» (бұл номинацияда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қаралды).

4) «Экологияға қосқан үлесі үшін» (бұл номинацияда қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміткерлердің қызметі қарастырылды).

Жетісу облысы бойынша өткізілген конкурстың нәтижесі бойынша «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» ретінде Талдықорған қаласындағы «Қайнар - АКБ» ЖШС-і танылды. Ал, «Үздік ұжымдық шарт» номинациясына «Темірбетон» ЖШС-і ие болды.

Ал, 2025 жылдың 05 желтоқсанында Астана қаласында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» республикалық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. ЭКСПО конгресс-орталығында өткен іс-шараға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектенов, ҚР Парламентінің депутаттары, орталық мемлекеттік органдар мен республика кәсіпорындарының басшылары қатысты.

Республика бойынша «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинациясын Талдықорған қаласындағы «Қайнар - АКБ» ЖШС-і лауреат атанды.

М. ШАКЕНОВ,

«Талдықорған қаласының Жұмыспен қамтуды
үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ
бөлім басшысы

ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМ

ДІН САЛАСЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

Дін саласындағы мемлекеттік саясат қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз етудің маңызды тетігі. Басты мақсат азаматтардың ар-ождан және діни сенім бостандығын сақтау арқылы зайырлы мемлекеттің қағидаларын нығайту, түрлі алауыздық пен түсініспеушіліктің алдын алу болып табылады. Бұл орайда біздің елімізде дін саласындағы мемлекеттік саясат конфессияаралық татулықты сақтауға, гестүрлі рухани құндылықтарды дәріптеуге және қоғамның бірлігін бекемдеуге бағытталған.



Аталмыш құндылықтар азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғауға, әсіресе, жастарды деструктивті діни ағымдардың ықпалынан сақтауға мүмкіндік береді. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, діни сауаттылықты арттыру және теолог мамандардың қатысуымен жүргізілетін алдын алу шараларының маңызы да осында болса керек. Сондықтан дін саласындағы мемлекеттік саясат зайырлылық пен руханияттың тепе-теңдігін сақтай отырып, қоғамдағы бейбітшілік пен өзара сыйластықты қамтамасыз ететін маңызды бағыт. Бұл саясаттың тиімді жүзеге асуы әр азаматтың жауапкершілігі мен саналы көзқарасына тікелей байланысты.

Шалқар ОРАЗБАЕВ,

Талдықорған қалалық мәслихат депутаты,
Н.Тілендиев атындағы балалар музыка
мектебінің директоры




2026 ЖЫЛЫ МӘМС КІМДЕР ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ?

Қазір Қазақстанда 3,6 миллионға жуық адам МӘМС жүйесіне қатыспайды. Олардың шамамен 1 миллионы – әлеуметтік жағдайы дағдарыстық (D) және шұғыл (E) деңгейдегі тұрғындар. Яғни олардың МӘМС жарналарын төлеуге мүмкіндігі жоқ.

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап бұл азаматтар үшін МӘМС жарналарын жергілікті атқарушы органдар төлейді. Осылайша оларға сақтандырылған мәртебесі беріліп, МӘМС аясында қажетті медициналық көмек ала алады.

Бұдан бөлек, жергілікті бюджет есебінен ресми тіркелген жұмыссыздар үшін жарна төленетін болады. Бұған дейін бұл төлемдер республикалық бюджеттен түсіп келді.

Сақтандырылған азаматтар үшін диагностика, дәрігерлердің кеңесі, жоспарлы операциялар, емдеу және оңалту қызметтері МӘМС аясында тегін көрсетілетінін есте сақтаңыздар. Медициналық көмек алу үшін тұрғылықты жеріңіз бойынша емханаға тіркелу қажет.



2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап әлеуметтік маңызы бар аурулардың жаңартылған тізімі күшіне енеді. Бұл тізімге келесі аурулар кіреді:

- туберкулез;
- адамның иммун тапшылығы вирусы;
- созылмалы вирусты гепатиттер және бауыр циррозы;
- қатерлі ісіктер;
- психикалық және мінез-құлық ауытқушылықтары;
- жедел миокард инфаркті (алғашқы 6 ай);
- жүйке жүйесінің дегенеративті аурулары;
- орталық жүйке жүйесінің аурулары;
- сирек кездесетін, яғни орфандық аурулар;
- эпилепсия;
- цереброваскулярлық аурулар (1 жыл көлемінде).

Бұл тізімге енген аурулары бар пациенттер дәрігерлік бақылауды, дәрілік препараттарды, зертханалық талдауларды тегін, яғни мемлекет тарапынан көрсетілетін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында алады.

БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАЛАРДЫҢ АҒЗАҒА ЗИЯНЫ МЕН ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ?

Биологиялық белсенді қоспалар дегеніміз – тағам құнын арттыру мақсатында қолданылатын табиғи және табиғи тектес заттар. Оны тағаммен қатар тұтынуға болмаса да, тағам құрамына қосып пайдалануға болады.

Өнімнің технологиялық түрленуіне байланысты төртке бөлінеді:

1. Құрамында табиғи концентраттар бар заттар: табиғи минерал су, теңіз суынан бөлініп алынған тұз, бал, балдыр;
2. Құрғатылған, кептірілген табиғи өсімдіктер: тағамға дәмберуші ұнтақтар;
3. Экстракт, тұнбалар, шербаттар, брикет;
4. Фармакологияда (дәрі-дәрмектің төнге, денеге тигізетін әсерлері туралы ғылым) қолданылатын синтетикалық және табиғи витаминдер, фосфолипидтер, күрделі нәруыздар.

«Дәрілік заттар туралы» заңының 1-бабының 6-тармағында ББҚ-ға былай түсініктеме берілген: Биологиялық белсенді қоспалар (ББҚ) – фармакологиялық белсенділікке ие болатын және аурулардың алдын алу және емдеу үшін қолданылатын (витаминдер, витамин терізділер, макро-және микроэлементтер, амин қышқылдары, майлы қышқылдар, антиоксиданттар және т.б.) табиғи немесе олармен бірдей биологиялық белсенді заттардың концентраттары.

Жоғарыда айтылғандай ББҚ-ны тағам құрамына қосып та, жеке өзін де қолдануға болады. Алайда ел арасында таралғандай ол қандай да бір ауруға ем болатындай қасиеті жоқ. Қазіргі таңда тамақ өндіру барысында шикізатты бірнеше мәрте өңдегендіктен табиғи сапасын жоғалтуы мүмкін. Оның орнын толтыру үшін биологиялық белсенді қоспалар қолданылады. Зерттеуге сәйкес, биологиялық белсенді қоспаның адам ағзасына зияны 5-7% көрсетсе, пайдасы 80-90% жетеді.

Биологиялық белсенді қоспалар дәрі емес. Көптеген биологиялық белсенді қоспалардың пайдасы мен зиянын АҚШ-тың денсаулық статистикасының ұлттық орталығы зерттеп, ББҚ бағылдау қоректік микроэлементтердің жетіспеушілігін толықтыратынын көрсеткен. Препараттардың әр түрі белгілі бір фармакологиялық қасиеттерге ие және адамның жүйелері мен мүшелеріне әсер етеді. Биологиялық белсенді қоспалар ағзаның жеке функцияларына және оның жалпы жағдайына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Мысалы, кальций мен D дәрумені сүйек күшін сақтау үшін маңызды. Дәрігерлер жүкті әйелдерге фолий қышқылын қабылдауды ұсынады, бұл ұрықтың өмірге қабілетсіздігіне әкеп соқтыратын даму ақауларының, мысалы, омыртқа, аненцефалия, жүрек ақауларының алдын алуға септігін тигізеді. Кейбір тағамдық қоспалар ағзаға зиян тигізуі мүмкін. Егер адамда ауру немесе қауіп факторлары болса, диеталық қоспалардың әсерін болжау мүмкін емес. Диеталық қоспалар мен дәрі-дәрмектерді

бірге қабылдау ұсынылмайды. Мысалы, шайқурай шөптік қоспасы көптеген дәрі-дәрмектердің тиімділігін төмендетеді. Келесі жағдайларда ББҚ пайдалану ұсынылмайды: дәрігермен келісілмеген қоспалар комбинациясы; қоспаларды дәрілік заттармен бірге пайдалану; рецепт бойынша берілетін дәрілердің орнына алмастырғыш қоспаларды қабылдау; А дәрумені, D дәрумені немесе темір сияқты белгілі бір қоспаларды тым көп қабылдау. Кейбір қоспалардың операциядан бұрын, операция кезінде және одан кейін жағымсыз әсерлері болуы мүмкін. Сондықтан дәрігерге сіз қабылдайтын барлық ББҚ туралы міндетті түрде хабарлаңыз. Дәрі-дәрмектің сыртын немесе ішіндегі нұсқаулықты міндетті түрде оқыңыз. Құрамында биологиялық белсенді қоспасы бар дәріні тек аурудың алдын алу үшін қолданады. Ал ауруды толық емдеуге мұндай дәрінің күші жетпейді. ББҚ алу үшін қолданылатын өсімдіктің қайда және қандай жағдайда өскені өте маңызды. Өйткені өсімдікті жинау барысында құрамындағы концентрациясы өзгеруі мүмкін. Сондықтан тағамға биологиялық белсенді қоспаларды қолданбас бұрын міндетті түрде мамандардан кеңес алғаныңыз жөн.

СТАНДАРТТАУ МЕН СЕРТИФИКАЦИЯЛАУ

Биологиялық белсенді қоспаны өндіру барысында халықаралық ережеге сәйкес құрылғының, шикізаттың тазалығы, дайын өнімнің құндылығы, сапасы, қапталуы мен сақталуына баса назар аударылады.

Биологиялық белсенді қоспалардың адам ағзасына пайдасы:

1. Ағзадағы дәрумен мен минерал тапшылығын толтырады;
2. Иммунитетті күшейтеді (мысалы, C дәрумені, мырыш, эхинацея);
3. Асқорыту мен зат алмасуды жақсартады (пробиотиктер, ферменттер);
4. Шаршау мен күйзелісті азайтады (магний, B дәрумендері);
5. Шаш, тері, тырнақтың жағдайын жақсартады (биотин, коллаген).

Биологиялық белсенді қоспалардың адам ағзасына зияны:

1. Артық немесе дұрыс қолданбаса – бауыр мен бүйрекке зиян;
2. Сапасыз, сертификатталмаған өнімдер – құрамында ауыр металдар, аллергиялар болуы мүмкін;
3. Дәрілермен өзара әсері – кейде емдік препараттардың әсерін бұзады;
4. Жекелей көтере алмаушылық – аллергия, асқазан бұзылыстары;
5. Ауруды емдемейді – тек қосымша көмекші құрал.

С. АХАН, «Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы

А. БАЗАРҒАЛИ, «Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ бас маманы

ЗДОРОВЬЕ САНИТАРНО-ГИГИЕНИЧЕСКИЕ МЕРОПРИЯТИЯ

В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ И ДОШКОЛЬНЫХ УЧЕРЕЖДЕНИЯХ

Каждое образовательные, дошкольные учреждения обязано соблюдать правила режима дезинфекции. Дезинфекция является неотъемлемой частью любой деятельности. Целью дезинфекции в образовательных, дошкольных учреждениях является профилактика возникновения и распространения инфекций.

Порядок проведения мероприятий, используемые средства, а также требования к персоналу и документации. Эти правила обязывают проводить регулярную обработку поверхностей, санитарно-бытовых помещений, учебных кабинетов, игровых зон и игрушек, а также осуществлять контроль за появлением насекомых.

ЦЕЛЬ: предотвращение распространения инфекционных заболеваний;

ОБЪЕКТЫ ОБРАБОТКИ: поверхности (включая дверные ручки, подоконники), мебель, игрушки, сантехника, полы, стены.

МЕТОДЫ: регулярная профилактическая, текущая и заключительная дезинфекция;

ПЕРИОДИЧНОСТЬ: ежедневная, еженедельная или ежемесячная, в зависимости от объекта и типа дезинфекции;

СРЕДСТВА: только разрешенные для детских учреждений и зарегистрированные в установленном порядке.

ДЕЗИНФЕКЦИЯ

ЦЕЛЬ: уничтожение насекомых-переносчиков инфекций, вредителей или паразитов.

МЕТОДЫ: использование химических или физических средств для уничтожения насекомых и клещей;


ПЕРИОДИЧНОСТЬ: контрольные обследования на наличие насекомых проводятся не реже двух раз в месяц.

ОРГАНИЗАЦИОННЫЕ ТРЕБОВАНИЯ

Ответственность: ответственность за организацию и проведение дезинфекционных мероприятий лежит на учреждении.

ПЕРСОНАЛ: профилактическую и текущую дезинфекцию может проводить специально обученный персонал учреждения, заключительную — как собственный персонал, так и специализированная организация.

ДОКУМЕНТАЦИЯ: мероприятия должны сопровождаться актами и журналами учета.



КОНТРОЛЬ: Роспотребнадзор осуществляет надзор за соблюдением санитарных требований.

ДЕРАТИЗАЦИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ – это комплекс мер по уничтожению грызунов (крыс, мышей) для поддержания санитарной безопасности и здоровья детей и персонала. Она включает профилактические и истребительные работы, которые должны проводиться регулярно (рекомендуется ежемесячно) профессионалами с использованием безопасных, сертифицированных препаратов. При работе с детьми запрещено использовать ядовитые приманки, поэтому применяются механические методы, а помещения обрабатываются с особой осторожностью.

По санитарно-гигиеническим показаниям – как разовое мероприятие на территориях, находящихся в неудовлетворительном санитарном состоянии по методикам текущих и генеральных уборок.

Производится обеззараживание всех видов поверхностей, оборудование, предметов ухода, изделий медицинского назначения, рук медперсонала.

Дезинфекция в помещениях методами орошения, опыливания, протирания препаратами, обладающими раздражающим действием и вызывающими аллергические реакции, проводится при отсутствии других людей.

С. АХАН, руководитель РГУ «Талдықорғанское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля» Г. БАЙМҰҚАШЕВА, ведущий специалист РГУ «Талдықорғанское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля»

АНЕМИЯ: ЛЕЧЕНИЕ И ПРОФИЛАКТИКА

Анемия – это состояние, при котором в крови снижено количество эритроцитов или гемоглобина, что приводит к нехватке кислорода в организме. Чаще всего причиной анемии является дефицит железа.

СИМПТОМЫ:

- Слабость и быстрая утомляемость – человек быстро устаёт даже при небольших нагрузках;
 - Головокружение и обмороки – из-за нехватки кислорода в головном мозге;
 - Бледность кожи и слизистых оболочек – особенно заметно на лице, губах и внутренней стороне век;
 - Одышка и учащённое сердцебиение – сердце работает активнее, чтобы компенсировать нехватку кислорода;
 - Шум в ушах – ощущение звона или гула, связанное с кислородным голоданием;
 - Снижение концентрации и памяти – ухудшается внимание и способность к умственной деятельности;
 - Хрупкость волос и ногтей – ногти становятся ломкими, могут появляться белые пятна, волосы выпадают;
 - Сухость кожи и трещины в уголках рта – губы могут шелушиться и трескаться;
 - Извращение вкуса – желание есть мел, глину, сырую крупу;
 - Постоянное чувство холода – зябкость даже в тёплую погоду.
- ПРОФИЛАКТИКА АНЕМИИ**
- Сбалансированное питание:**
- Употреблять продукты, богатые железом: Красное мясо (говядина, печень, баранина);
 - Рыба и морепродукты;



- Бобовые (чечевица, фасоль);
- Орехи и семена (тыквенные, кунжут);
- Гречка, овсянка;
- Шпинат, брокколи, зелень;
- Включать в рацион витамин С (цитрусовые, киви, сладкий перец) – он помогает лучше усваивать железо;
- Избегать продуктов, мешающих усвоению железа (чёрный чай, кофе, молочные продукты в больших количествах).

► Приём железосодержащих препаратов:

По назначению врача, особенно для беременных, детей и людей с хроническими заболеваниями.

► Здоровый образ жизни:

Достаточная физическая активность – улучшает кровообращение.

Достаточный отдых и сон – способствуют восстановлению организма.

► Профилактические осмотры:

Регулярно сдавать анализ крови, особенно если есть предрасположенность к анемии.

Соблюдение этих рекомендаций поможет снизить риск развития анемии и сохранить здоровье.

Если у вас есть несколько из этих симптомов, стоит обратиться к врачу и сдать анализ крови на уровень гемоглобина.

Г. НАЙЗАБЕКОВА, медсестра Многопрофильной областной детской больницы

МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР КОМИТЕТІ ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК КЕДЕН БЕКЕТТЕРІ

Мемлекеттік кірістер комитеті «Үздік кеден бекеті» акциясының қорытындыларын шығарды. Бағалау негізгі тиімділік көрсеткіштері бойынша жүргізілді: бақылау мерзімдері, рәсімдеудің жеделдігі, жұмыстың сапасы мен ашықтығы.



Жыл жеңімпаздары:

- Үздік авиациялық бекет – «Жетісу»;
- Үздік теміржол бекеті – «Алтынкөл»;
- Үздік автомобильдік бекет – «Алакөл»;
- Үздік ішкі бекет – «Өскемен ЦТО».

Негізгі номинациялардан бөлек, цифрлық шешімдер, инновациялар, сервис және әлеуметтік жобаларға қосқан үлесі үшін арнайы жетістіктер де атап өтілді.

«Темір-Баба» және «Нұр жолы» бекеттерінің мамандары акциздік тауарлар, сирек металдар және мәдени құндылықтардың заңсыз әкетілуін тоқтатқаны үшін ерекше марапатталды.

Сонымен қатар ЕАЭО аясында халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесі үшін «Ақтөбе» арнайы бекеті атап өтілді.

«Кеденнің мақтанышы – әйелдер» номинациясы көпжылдық кәсібилік пен саланың дамуына қосқан үлесі үшін табысталды.

2025 жылғы нәтижелер:

- декларацияларды рәсімдеу +10%;
- жүк ағыны +13%;
- транзит +22%;
- кедендік төлемдер мен салықтар +566 млрд тг;
- шекара өткізу қабілеті 2,5 есе артты;
- көліктің өту уақыты 9 сағаттан 30 минутқа қысқарды.

Акция қорытындылары МКК-ның өңірлік бөлімшелерінің даму, инновация және қызмет сапасын арттыруға деген ұмтылысын көрсетеді.

СПОРТ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРДІҢ ЕКІ ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ

Алматы қаласындағы ЦСКА спорт кешенінде юниорлар арасында қоян-қолтық ұрыстан республикалық турнир өтті. Аталған жарысқа Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінен келген командалар қатысып, олардың қатарында ҚР ІІМ академиялары (Алматы және Қарағанды қалалары), Құрлық әскерлері институты, ВПРЭС, ҚР ҰҚК Академиясы, ҚР ҰҚК Шекара қызметі, ABROY СГО, BATYR TEAM ТЖМ, сондай-ақ 15 жекпе-жек клубының өкілдері бақ сынады.



Жарысқа ҚР ҰҚК Шекара қызметі атынан ҚР ҰҚК ШҚ Жетісу облысы бойынша департаментінен үш әскери қызметші қатысты. Турнир қорытындысы бойынша Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының әскери қызметшісі, қатардағы жауынгер Скаков Бегасыл Бақытбекұлы жекелей сында I орынды иеленіп, республикалық турнирдің екі дүркін чемпионы атанды. Ол бұл атақты алғаш рет 2024 жылы жеңіп алған болатын.

Сонымен қатар Бегасыл Скаков аталған жарыста спорт шеберлігіне кандидат (КМС) нормативін сәтті орындап, шекара қызметі әскери қызметшілерінің жоғары спорттық даярлығын тағы бір мәрте дәлелдеді.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді 20 желтоқсан күні қаламыздың бас шыршасының шамын бірге жағу рәсіміне шақырамыз.

Мерекелік шара сағат 19:00-де 50 Аяз ата мен Ақшақардың шеруімен басталады. Шеру Арбаттан бастау алып, Орталық алаңда аяқталады.

Алаңда сіздерді қала өнерпаздарының концерттік бағдарламасы мен ерекше тосын-сый күтеді.

Отбасыңызбен келіп, қаламыздың бас шыршасының шамын бірге жағайық!



Уважаемые жители и гости города Талдықорған!

20 декабря 2025 года приглашаем вас вместе зажечь огни главной городской елки.

Праздничное мероприятие

начнется в 19:00 ч.

с шествия 50 Дедов Морозов и Снегурочек, которое возьмет начало на Арбате и завершится на Центральной площади.

На площади вас ждет концертная программа с участием городских артистов, а также приятные сюрпризы.

Приходите всей семьей, чтобы вместе зажечь огни главной елки города!



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыпсіз Қазақстан үшін!

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІЛЕР ТАРАПЫНАН ЖІБЕРІЛГЕН МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗУ ДЕРЕГІ ЖОЙЛАДЫ

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша сумен қамту және су бұру салаларындағы квазимемлекеттік сектор субъектілері тарапынан бәсекелестік заңнамасының бұзылуы анықталды.

Белгілі болғандай, кейбір субъектілердің жарғыларында монополияға қарсы органмен міндетті келісуден өтпеген қызмет түрлері көзделген, бұл Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабының талаптарына қайшы келеді.

Мәселені қарау нәтижесінде Департамент заң бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар шығарды, бүгінгі күні олар толық көлемде орындалды.

Анықтама үшін: акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 50% астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың қызмет түрлерін кеңейту немесе өзгерту тек бәсекелестікті қорғау және дамыту саласындағы уәкілетті органмен келісу арқылы жүзеге асырылады.

«ҚТЖ-ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» ІС-ӘРЕКЕТТЕРІНДЕ БӘСЕКЕЛЕСТІК ТАЛАПТАРЫН БҰЗУ БЕЛГІЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалы - Алтынкөл станциясы әрекеттерінде бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзу белгілерін анықтады.

Аталған бұзушылықтар жекелеген нарық субъектілеріне жеңілдіктер немесе өзге де артықшылықтар беру бөлігінде анықталды. Соның нәтижесінде кәсіпорын бұл субъектілерді бәсекелестеріне қатысты артықшылықты жағдайға қойып, мүлікті жалға алу шарттарын жасасу кезінде қызмет жүргізу үшін қолайсыз жағдайлар қалыптастырған.

Анықталған бұзушылықтар негізінде Департамент тарапынан тиісті хабарлама жолданды. Қазіргі уақытта хабарлама шарттар бойынша міндеттемелерді өзгерту арқылы қосымша келісім жасасу жолымен орындалды.

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің
Жетісу облысы бойынша департаменті

В ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ УСТРАНЕНО НАРУШЕНИЕ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА СО СТОРОНЫ СУБЪЕКТОВ КВАЗИГОСУДАРСТВЕННОГО СЕКТОРА

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции по области Жетісу по итогам мониторинга выявил нарушение антимонопольного законодательства со стороны субъектов квазигосударственного сектора в сфере водоснабжения и водоотведения.

Установлено, что в уставах отдельных субъектов были предусмотрены виды деятельности без обязательного согласования с антимонопольным органом, что противоречит требованиям статьи 192 Предпринимательского кодекса Республики Казахстан.

По итогам рассмотрения Департаментом вынесены предписания об устранении нарушений, которые на сегодняшний день исполнены в полном объеме.

Справочно: расширение или изменение видов деятельности юридических лиц, более 50% акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат государству, возможно только при согласовании с уполномоченным органом в области защиты и развития конкуренции.

В ДЕЙСТВИЯХ ТОО «КТЖ-ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ» ВЫЯВЛЕНЫ ПРИЗНАКИ НАРУШЕНИЯ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу установлены признаки нарушения антимонопольного законодательства в действиях ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки» - «станция Алтынколь».

Нарушения выявлены в части предоставления отдельным субъектам рынка льгот или других преимуществ. Тем самым предприятие поставило данных субъектов в привилегированное положение относительно конкурентов, создав неблагоприятные условия деятельности при заключении договоров аренды имущества.

На основании выявленных нарушений Департаментом направлено соответствующее уведомление. В настоящее время уведомление исполнено путем заключения дополнительного соглашения с изменением обязательств по договорам.

Департамент Агентства
по защите и развитию конкуренции РК
по Жетысуской области

МОСЬКО Александр Иванович

На 98 году ушел из жизни ветеран войны и труда, известный общественный деятель Александр Мосько.

Александр Иванович родился в 1927 году в селе Лихачевка Урицкого района Костанайской области. Его детство, как и других детей, прошло в трудные предвоенные годы. Обучаясь в школе, работал со сверстниками допоздна на полях, фермах, рано повзрослел. В 1944 году призван в ряды Советской Армии. Проходил службу в составе 1-й гвардейской механизированной Венской орденов Ленина и Кутузова 2-й степени дивизии имени генерала И.Н. Руссиянова. После демобилизации в 1954 году работал в Бурлютобинском и Алакольском райкомах партии, с 1968 года избран ответственным секретарем Тал-



дықорганского областного общества «Знание», с 1973 по 1987 годы до выхода на пенсию работал секретарем Талдықорганского областного Совета профсоюзозов.

Александр Иванович принимал активное участие в работе ветеранских организаций области и города. 27 февраля 1987 года состоялась первая учредительная конференция ветеранов войны и труда бывшей Талдықорганской области. В течение долгих лет он вел поиски материалов о людях Семиречья, удостоенных высоких званий не только в годы Великой Отечественной войны, но и в послевоенный период, также о женщинах Жетісу, принимавших участие на фронтах ВОВ.

А.И. Мосько награжден орденом Дружбы народов, медалями «За трудовое отличие» и 16 другими, грамотами Верховного Совета Казахской ССР, имеет нагрудной знак «Наставник молодежи» ВЦСПС.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №1289 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қоя кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталғы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.